ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАҢДАУ БОЙЫНША ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

8D04103 «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
білім беру бағдарламасы
(PhD докторантура)

ҚАРАҒАНДЫ – 2026

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған таңдау бойынша пәндер каталогы (хаттама № 5, «28» мамыр 2026 ж.). Қарағанды, 2026 – 11 б.

Каталог таңдау бойынша пәндердің тізімі мен білім беру бағдарламасы бойынша олардың бағдарламаларының қысқаша мазмұнын қамтиды. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің оқытушылары мен докторанттарына арналған.

ДОКТОРАНТҚА ЖАДЫНАМА

Құрметті Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің докторанты!

Сіздің алдыңызда элективті оқу пәндерінің каталогы бар. Бұл элективті оқу пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі. Ол сіз үшін жеке оқу траекториясын дербес, жедел, икемді және жан-жақты қалыптастыру мүмкіндігін жасау мақсатында құрылған. Бұл сіздің жеке оқу жоспарын құрастыруда көмекші болып табылады.

Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде барлық оқу пәндері 2 циклға бөлінеді – базалық (БП) және бейіндеуші (БеП). Осы циклдердің әрқайсысының ішінде оқу пәндері екі түрге бөлінеді – ЖОО компоненті және таңдау компоненті (элективті, яғни таңдап алынатын оқу пәндері).

Жоғары оқу орны компонентінің пәндері университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен белгіленеді және осы білім беру бағдарламасының барлық докторанттары зерттейді.

Элективті оқу пәндері сізге кафедралармен оқу үшін ұсынылады. Элективті оқу пәндерінің барлық тізбесінен сіз өзіңізге қызықты пәндерді таңдай аласыз. Осылайша, сіздің жеке оқу жоспарыңыз оқу пәндерінің әрбір циклы бойынша 2 бөлімнен тұрады: ЖОО компоненті және таңдау компоненті (элективті оқу пәндері).

Сіздің жеке оқу жоспарыңызға қосу үшін элективті оқу пәндерінің каталогын қалай таңдауға болады?

1. Тізбеде сіздің курс және оқу семестрінің кестесін табыңыз.
2. Элективті оқу пәндеріне оқу жоспарына қанша кредит берілетінін біліңіз.
3. Элективті оқу пәндерінің тізбесімен танысыңыз. Оқу пәндері тиісті нөмірлі таңдау курстарына біріктірілгеніне назар аударыңыз. Элективті пәндердің әрбір тобынан тек бір элективті оқу пәнін таңдауға болады.
4. Сізді қызықтырған элективті оқу пәндерінің сипаттамасын оқып, өз таңдауыңызды жасаңыз.
5. Сіз таңдаған кредиттердің санын оқу жоспары бойынша талап етілетін санға сәйкес тексеріңіз.
6. Элективті оқу пәндерін таңдауға эдвайзер көмектеседі.

Экономика, басқару және кәсіпкерлік факультеті

8D04103 «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
білім беру бағдарламасы

Берілетін дәреже – 8D04103 «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)

Элективті пәндер

Пән циклі	**Пәннің коды**	**Пән атауы**	**Кредит саны**		**Семестр**
			ECTS бойынша	**акад. сағат**	
Таңдау компоненті 1					
БП	BMM 2022	Басқарудағы математикалық модельдер	5	150	1
БП	AEZhTSA 2022	Әлеуметтік-экономикалық жүйені талдаудың статистикалық әдісі	5	150	1
БП	DIT 2022 PhD	Деректерді интеллектуалды талдау	5	150	1
Таңдау компоненті 2					
БеП	ASSMBKZT 2022	Әлеуметтік сала салаларын мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы трендтері	4	120	2
БеП	KSSSB 2022	Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқару	4	120	2
Таңдау компоненті 3					
БеП	MMZhBTT 2022	Мемлекеттік мекемелердегі жобалық басқарудың теориясы мен тәжірибесі	4	120	2
БеП	MBZhSBAIA 2022	Мемлекеттік басқару жүйесінде стратегиялық бастамаларды әзірлеу және іске асыру	4	120	2

Таңдау компоненті 1

Пән атауы: Басқарудағы математикалық модельдер

Пререквизиттер: Мемлекеттік басқарудың теориясы мен практикасы

Постреквизиттер: Қоғамдық сектор ресурстарын стратегиялық басқару: әдістемелік тәсілдемелер және тиімді тәжірибелер, Әлеуметтік сала салаларын мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы трендтері, Мемлекеттік мекемелердегі жобалық басқарудың теориясы мен тәжірибесі, зерттеу тәжірибесі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: Басқарушылық шешімдерді әзірлеу кезінде қолданылатын математикалық модельдерді қолданудың теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын меңгеру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Гипотезаны дәлелдеу және ғылыми нәтижелерді алу үшін математикалық модельдерді құрудың практикалық дағдыларын қолдана білу.

Күтілетін нәтижелер:

A. Басқару есептерінің математикалық модельдерін құру және оларды шешу әдістерін, әдістемелерін және технологияларын жүйелі түсінуді көрсету.

B. Оңтайлы шешімді табу үшін модельдерді құрастыру және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қолдану қабілетін көрсету.

C. Математикалық әдістер мен модельдерге сүйене отырып, ғылыми нәтижелерді сыни талдау, бағалау және синтездеу.

D. Ақпаратты жинау және интерпретациялау бойынша дағдыларды игеру, оны әртүрлі хабарламалар түрінде көрсете білу, топта жұмыс істеу, өз позициясын диспутациялау және қорғау, шешім қабылдау.

E. Әртүрлі басқару міндеттерін өз бетінше шеше білу, алынған нәтижелерді түсіндіру және ұсыныстар беру.

Пән атауы: Әлеуметтік-экономикалық жүйені талдаудың статистикалық әдісі

Пререквизиттер: Мемлекеттік басқарудың теориясы мен практикасы

Постреквизиттер: Қоғамдық сектор ресурстарын стратегиялық басқару: әдістемелік тәсілдемелер және тиімді тәжірибелер, Әлеуметтік сала салаларын мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы трендтері, Мемлекеттік мекемелердегі жобалық басқарудың теориясы мен тәжірибесі, зерттеу тәжірибесі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: докторанттардың үлкен деректермен жұмыс істеу, нәтижелерді алу үшін статистикалық әдістерді қолдана отырып өңдеу, оларды кейіннен түсіндіру және өз идеяларына түрлендіру дағдыларын дамыту.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Пәнаралық курс докторанттардың бағдарламаның статистикалық пакеттерін (STATA, R) қолдана отырып,

статистикалық деректерді екінші рет талдауға негізделген экономикалық ғылыми зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыруға бағытталған).

Күтілетін нәтижелер:

А. үлкен деректерді өңдеудің сандық технологияларын пайдалана отырып, үлкен деректерді статистикалық өңдеудің әдістері мен тәсілдерін жүйелі түсінуді көрсету

В. деректерді өңдеу нәтижесінде алынған қорытындыларды интерпретациялау нәтижесі ретінде ғылыми идеяларды жобалау, ойлау қабілетін көрсету

С. қабылданатын шешімдердің аналитикалық негіздерін күшейту арқылы әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың тиімділігін арттыруға бірегей зерттеулер арқылы үлес қосу

Д. әлеуметтік-экономикалық процестердің үлкен деректерін өңдеу негізінде шешімдерді сыни талдай білу, бағалау және синтездеу.

Е. сандық статистикалық технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу нәтижесі ретінде аналитикалық материалдарды дайындау арқылы өзінің білімі мен жетістіктерін ғылыми қоғамдастыққа хабарлай білу

F.Талдамалық негізделген стратегиялық шешімдер саласында ғылыми даму идеяларын ілгерілетуге ықпал етуді жүзеге асыру.

Пән атауы: Деректерді интеллектуалды талдау

Пререквизиттер: Жасанды интеллект жүйесі

Постреквизиттер: Қоғамдық сектор ресурстарын стратегиялық басқару: әдістемелік тәсілдемелер және тиімді тәжірибелер, Әлеуметтік аядағы салаларды мемлекеттік басқарудың заманауи трендтері, Мемлекеттік мекемелердегі жобалық басқарудың теориясы мен тәжірибесі, зерттеу тәжірибесі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: докторанттарда деректерді өңдеу және машиналық оқыту жүйесін құру бойынша терең теориялық білімдерді қалыптастыру, осылайша докторанттар есептерді өз бетінше талдап, шеше алады, алгоритмдер құра алады және әртүрлі оқу бағыттары үшін білім базасы мен ережелер базасын құру құралдарын таңдай алады.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Көрсеткіштердің интеллектуалдық талдауы: базалық түсінігі. КИТ в СУБД Microsoft SQL Server. КИТ жүргізудің кезеңдері мен математикалық құрамдас бөліктері. Жеңілдетілген Bayes алгоритмі. Шешім ағаштары. Сызықтық регрессия. Уақыт қатарлары және кластерлеу алгоритмдері. Қатынастардың алгоритмдері және тізбектерді кластерлеу. Нейрондық желілер және логистикалық регрессия алгоритмдері.

Шешімдерді табу әдістері: кеңістікте; предикаттар есебіне негізделген. Үлгіні тану есептерінің жалпы сипаттамасы және олардың түрлері.

Деректерді өндіру үшін нейрондық желілерді құру. Генетикалық (эволюциялық) алгоритмдер.

Нейрондық желілерді оңтайландыру және оқыту мәселелері. Перцептрондар және жасанды нейрондық желілердің пайда болуы. Перцептронды оқыту. Машиналық оқыту. Көп агенттік жүйелер. Анық емес жиындар теориялары. Интервалдық талдау теориясы. Белгісіздіктің әртүрлі түрлерін сипаттау үшін анық емес жиындар теориясын және интервалды талдауды қолдану мүмкіндігі.

Күтілетін нәтижелер:

A. Статистика және Data Science әдістерінің заманауи үрдістерін, предикаттарды құру және семантикалық желілерді қалыптастыру қағидаттарын түсінуді көрсету.

B. Алынған білім мен практикалық дағдыларды формалданған және формалданбаған деректерді құрылымдау, семантикалық желілерді құру, машиналық оқыту әдістерін жобалау және оңтайлы шешімдер қабылдау тетіктерін әзірлеу үшін қолдану.

C. Деректерді жинау және интерпретациялау, білімді ұсыну тәсілдерін талдау, ұсынылатын білімнің құрамын анықтау, білімді ұйымдастыру және ұсыну модельдерін таңдау, таңдалған әдістерді негіздеу, сондай-ақ шешімдерді қолдау жүйелерінде басқару дағдыларын меңгеру.

D. Білімнің инженерлік әдістері туралы теориялық және практикалық білімді пайдалану, білім қорын құрудың негізгі кезеңдері, білімнің графикалық көріністерін қалыптастыру, семантикалық желілерді құра білу, ақпараттық жүйелерді құру және басқару шешімдерін алу үшін предикаттар мен білім базасының ережелерін құру.

E. Өз бетінше дамыту және қалыптастыру үшін қажетті оқу дағдыларын пайдалану, Machine Learning құрастыру құралдарын әзірлеу, білім базасын құрудың негізгі ұғымдары мен әдістерін түсіну, кез келген пәндік салада интеллектуалды жүйелерді жобалауда практикалық дағдыларды алу.

<u>Таңдау компоненті 2</u>

Пән атауы: Әлеуметтік сала салаларын мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы трендтері

Пререквизиттер: Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы, Экономиканың нақты секторын мемлекеттік реттеу.

Постреквизиттер: докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: мемлекеттік және жергілікті мемлекеттік басқару органдарында әлеуметтік сала секторларын мемлекеттік басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы құзыреттерге ие жоғары білікті мамандарды даярлау.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Әлеуметтік саясаттың мәні, функциялары, принциптері және үлгілері. Әлеуметтік саясат және әлеуметтік

қамсыздандыру. Әлеуметтік саланың мәні, рөлі және құрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым және әлеуметтік саланың даму факторлары. Әлеуметтік саланың даму факторлары мен заңдылықтары. Әлеуметтік саланы мемлекеттік басқарудың мақсаттары, міндеттері және принциптері. Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеудің әдістері мен үлгілері. Әлеуметтік саладағы менеджменттің тиімділігі. Әлеуметтік саланы мемлекеттік басқару жүйесі. Әлеуметтік саланы мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы тенденциялары. Білім беруді мемлекеттік басқару. Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіру. Денсаулық сақтауды басқару. Қазақстан Республикасының әлеуметтік жаңғыруы жағдайында денсаулық сақтау жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

А. Білу: - республика мен өңірлердегі басқару деңгейлері бойынша әлеуметтік саланы ұйымдастыру жүйесін; әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі атқарушы билік органдарының қызметін реттейтін заңнамалық негіздерді; республикалық заңдарды, әлеуметтік сала объектілерінің жергілікті нормативтік және ішкі құжаттарын

В. Істей білу: -әлеуметтік нысандарды басқарудың тиімді ұйымдық-функционалдық моделін әзірлеу және енгізу; әлеуметтік саланың секторларында – білім беруде, денсаулық сақтауда және т.б. әлеуметтік даму бағдарламаларын іске асыруды ұйымдастыру; стандартты емес жағдайларда әрекет ету, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті көтеру.

С. Игеру: - әлеуметтік саладағы трансформация процестері кезінде туындайтын нақты жағдайларды талдау әдістерін; негізгі басқару функциялары (болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, ынталандыру, бақылау); әлеуметтік саланы бағалау және талдау дағдылары;

Д. Әлеуметтік сала секторларының жағдайы мен болашағын бағалау қабілетін көрсету; Қазақстан Республикасында және оның аймақтарында әлеуметтік саясат мәселелері бойынша ақпаратты табу, меңгеру және пайдалану дағдылары; кәсіби ортада және басқа да мүдделі тұлғалар мен ұйымдарда басқару шешімдерін қабылдау, басқару шешімдерін, жалпылаулар мен қорытындыларды негіздеу үшін қолда бар ақпаратты жинақтау мүмкіндігі.

Е. Ғылыми зерттеу құралдарын меңгергендігін және оқытудың келесі деңгейіне дайындығын көрсету.

Пән атауы: Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқару

Пререквизиттер: Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы, экономиканың нақты секторын мемлекеттік реттеу, Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру негіздері

Постреквизиттер: докоранттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқару саласында теориялық-практикалық білімді және мемлекеттік компаниялардың даму стратегияларын және олардың даму сценарийлерін әзірлеу бойынша дағдыларды қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Квазимемлекеттік сектордың теориялық түсініктері, құрылымы және функциялары. Экономиканың квазимемлекеттік секторын дамытудың әлемдік тәжірибесі және стратегиялық басқарудың елдік ерекшеліктері. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқарудың ұлттық моделін дамыту кезеңдері. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің стратегиялық басқаруын зерттеуге әдістемелік тәсілдер. Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқарудың негізгі проблемаларын талдау. «Сарыарқа «ӘКК «ҰК»АҚ операциялық қызметін талдау. «Сарыарқа» ӘКК «ҰК « АҚ стратегиялық басқармасының сандық және сапалық индикаторларын бағалау. Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторын дамытудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің стратегиясын әзірлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар.

Күтілетін нәтижелер:

A. Мемлекеттік корпорацияны басқарудың жүйелі түсінігін көрсету, мемлекеттік активтерді басқарудың дағдылары мен әдістерін меңгеру.

B. Квазимемлекеттік секторды басқару бойынша процестерді ойлау, жобалау, бейімдеу қабілетін көрсету.

C. Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқарудың ұлттық моделінің шекарасын кеңейтуге, кешенді талдау арқылы мемлекеттік басқару тетіктерін жетілдіру жолдарын бірегей зерттеулер арқылы үлес қосу.

D. Стратегиялық басқарудың теріс және позитивті факторларын сыни талдай білу, бағалау және синтездеу, олардың макро - және микроэкономикалық көрсеткіштерге, Мемлекеттік бизнес-құрылымдардың стратегиялық жоспарын әзірлеу үшін мемлекеттік кәсіпкерлікті жүргізу мүмкіндіктеріне әсер ету дәрежесін анықтау.

E. Квазимемлекеттік құрылымдарды бағалау және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін талдау материалдарын дайындау арқылы өзінің білімі мен жетістіктерін ғылыми қоғамдастыққа хабарлай білу.

F. Мемлекеттік корпорацияларды стратегиялық басқару саласында ғылыми даму идеяларын ілгерілетуге жәрдемдесуді жүзеге асыру.

Таңдау компоненті 3

Пән атауы: Мемлекеттік мекемелердегі жобалық басқарудың теориясы мен практикасы

Пререквизиттер: Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы, Басқарудағы математикалық модельдер

Постреквизиттер: докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: докторанттардың мемлекеттік орган іс-әрекеті, сала, ел шеңберінде тиімділікті арттыру үшін жобалық тәсіл қағидаттарын меңгеруі.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Жобалық басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Жобаларды басқарудағы тәуекелдерді бағалау. Мемлекеттік басқаруда жобалық менеджментті іске асыру. Мемлекеттік-жеке әріптестіктегі жобалық менеджменттің ерекшеліктері. Жобалық менеджмент Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын әзірлеудің инновациялық құралы ретінде. Мемлекеттік органдарда жобалық басқаруды енгізу және іске асырудың шетелдік тәжірибесі.

Күтілетін нәтижелер:

А. ҚР Әкімшілік реформа жағдайында мемлекеттік секторда жобалық басқару жүйесін қолданудың қажеттілігі мен алғышарттарын түсінуді көрсету;

В. Мемлекеттік бағдарламаларды, жоспарлар мен жобаларды іске асырудың тиімділігін арттыруда жобалық басқару қағидаттарын әмбебап кілт ретінде енгізу қабілетін көрсету;

С. Мемлекеттік басқару органдарында жобалық менеджментті енгізу кезінде кедергілер мен тәуекелдерді анықтау, сыни талдау, бағалау және синтездеу;

Д. Мемлекеттік органды басқарудың тиімді ұйымдық құрылымын құру үшін жобаларды басқару шекарасын кеңейтуге ерекше зерттеулер арқылы үлес қосу.

Е. Жобаны іске асыру барысында туындайтын проблемаларды анықтай және бағалай білу.

Пән атауы: Мемлекеттік басқару жүйесінде стратегиялық бастамаларды әзірлеу және іске асыру

Пререквизиттер: Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы, Басқарудағы математикалық модельдер

Постреквизиттер: докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Мақсаты: Докторанттардың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік басқару жүйесіндегі стратегиялық бастамаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау саласындағы кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Мемлекеттік сектордағы стратегиялық басқарудың теориялық негіздері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Стратегиялық құжаттар және оларды іске

асыру тетіктері. Стратегиялық бастамалар мен ұлттық жобаларды әзірлеу әдіснамасы. Мемлекеттік басқарудағы жобалық және бағдарламалық тәсілдер. Стратегиялық талдау және болжау құралдары. Мемлекеттік сектордағы өзгерістерді басқару. Стратегиялық бастамаларды іске асыруды мониторингтеу және бағалау. Стратегиялық басқару мен мемлекеттік реформаларды жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесі. Стратегиялық бастамаларды әзірлеу мен іске асырудағы цифрлық технологиялар мен инновациялық тәсілдер.

Күтілетін нәтижелер:

A. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі стратегиялық бастамаларды әзірлеу мен іске асырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау және басқарушылық шешімдер қабылдау тетіктерін жүйелі түрде түсінуді көрсету.

B. Мемлекеттік бағдарламаларды, ұлттық жобаларды және стратегиялық бастамаларды әзірлеу мен іске асыру барысында стратегиялық талдау, жобалық басқару, мониторинг және тиімділікті бағалаудың заманауи құралдарын қолдану.

C. Мемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының стратегиялық басымдықтарына қол жеткізуге бағытталған стратегиялық бастамаларды әзірлеу және іске асыру арқылы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге үлес қосу.

D. Мемлекеттік басқарудың жаңа әдістерін, заманауи басқару технологияларын және стратегиялық бастамаларды іске асырудың инновациялық тәсілдерін енгізу перспективаларын сыни тұрғыдан бағалай білу.

E. Мемлекеттік дамудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламаларды, ұлттық жобаларды және стратегиялық бастамаларды әзірлеу, сараптау, мониторингтеу және бағалау дағдыларын меңгеру.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының Академиялық комитетінің отырысында бекітілген

№ 1 хаттама, 05.12.2025 ж.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
білім беру бағдарламасы
Академиялық комитетінің төрағасы,

PhD, доцент Букатов Е.Б.